

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз
инновациялық институтының мемлекеттік тапсырыс және ауыл
квотасы шегіндегі білім алған түлектерге**

Ж А Д Ы Н А М А

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №
390 Қаулысымен бекітілген

Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары

3. Педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтарға берілетін квота шегінде оқуға түскен азаматтар жоғары оқу орнын (бұдан әрі - ЖОО) аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл ауылда (селода), кентте, ауылдық (селолық) округте (бұдан әрі - ауылдық жер) орналасқан тиісінше мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медициналық ұйымдарда, ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде немесе мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда жұмысты **міндетті түрле өтейді.**

4. Педагогтік және медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқуға түскен азаматтар ЖОО-ны аяқтағаннан кейін кемінде **үш жыл** мемлекеттік білім беру ұйымдары мен мемлекеттік медициналық ұйымдарда жұмысты **өтеуге міндетті.**

6. Жас мамандарды және философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады.

10. Ағымдағы жылы оқуын бітірген жас мамандар 1 тамыздан кешіктірмей жұмыс орнына жолдама бойынша келеді.

13. Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген жас мамандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік кепілдіктер алады.

19. Бөлу жөніндегі тиісті комиссияға дәлелді себептерсіз келмеген жас мамандар және оның қатысуынсыз бөлінеді.

17-1. Жас мамандарды бөлген сәтке бос жұмыс орындары жоқ болған жағдайда, жұмысты өтеу мерізімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тұрғылықты жері бойынша жұмыссыз ретінде есепке қоюға жатады.

22. Заңмен және осы Қағидалармен көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетін орындамағаны үшін жас маман және философия докторы (PhD) оны оқытумен байланысты бюджет құжаты есебінен жұмсалған шығыстарды бюджетке өтейді.

27. Жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссияның немесе Философия докторларын (PhD) дербес бөлу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Бөлу жөніндегі комиссиялар) шешімімен мынадай санаттар Заңда көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босатылады:

1) жұбайы (зайыбы) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жатқан елді мекенде немесе оған жақын орналасқан елді мекенде бос жұмыс орны болмаған адамдар;

2) I және II топтағы мүгедектер;

3) одан әрі оқуға магистратураға, резидентураға, докторантураға түскен адамдар;

4) жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар, сондай-ақ оны (оларды) жалғыз тәрбиелеп отырған адамдар.

31.3) жас мамандар мен философия докторлары (PhD) Заңмен көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндеттерін бұзған жағдайда олардың бюджеттің оларды оқытумен байланысты шығыстарын өтеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

